Бұйрық № 25 29.09.2025ж

«2025–2026 оқу жылына педагогикалық кеңес құрамын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі ұйым Жарғысына сәйкес оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби қызметін үйлестіру, білім беру қызметінің тиімділігін арттыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі жүргізу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің келесі құрамы бекітілсін:

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Н.Д. Джубаниязова – балабақшаның меңгерушісі.

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Ә.О. Сихова -педагог-психолог

Педагогикалық кеңестің мүшелері:

Бөбекжай педагог қызметкерлері.

2. Педагогикалық кеңестің негізгі міндеттері:

2.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.

2.2. Ұйымның жылдық жоспарын, білім беру бағдарламаларын, жұмыс жоспарларын қарау және бекітуге ұсыну.

2.3. Тәрбие-білім беру процесінің сапасына талдау жүргізу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

2.4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу мәселелерін қарастыру.

2.5. Балалардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру нәтижелерін талдау.

2.6. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, қауіпсіз орта құру мәселелерін қарастыру.

2.7. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2.8. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Педагогикалық кеңестің жұмыс тәртібі:

3.1. Педагогикалық кеңес жылдық жоспарға сәйкес өз жұмысын жүргізсін.

3.2. Педагогикалық кеңестің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізілсін.

3.3. Қажет болған жағдайда кезектен тыс педагогикалық кеңес отырыстары ұйымдастырылсын.

3.4. Педагогикалық кеңестің шешімдері хаттамамен рәсімделіп, орындауға міндетті болып саналсын.

3.5. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізу және сақтау педагогикалық кеңес хатшысына жүктелсін.

4. Педагогикалық кеңес хатшысына:

4.1. Педагогикалық кеңес отырыстарының күн тәртібін әзірлеуді;

4.2. Хаттамалардың уақытылы рәсімделуін;

4.3. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

5. Әдіскерге:

5.1. Педагогикалық кеңес жұмысының жылдық жоспарын әзірлеуді;

5.2. Қаралатын мәселелер бойынша қажетті материалдарды дайындауды;

5.3. Педагогтердің әдістемелік қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету жүктелсін.

6. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелері:

6.1. Кеңес жұмысына белсенді қатыссын;

6.2. Қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етсін;

6.3. Өз құзыреті шегінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

ЖК «Ақниет» «Ақ ниет»
балабақшасының меңгерушісі : Н.Д. Джубаниязова



Бекітемін
ЖК «Ақниет» «Ақ ниет»
балабақшасының меңгерушісі
Н.Д. Джубаниязова

2025--2026 оқу жылының педагогикалық кеңес хаттамалары

Мақсаты: бағдарламалық міндеттерді меңгеру бойынша оқу-тәрбие әрекетін жақсартуға мүмкіндік жасау.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
	Тақырыбы:«Біртұтас тәрбие бағдарлдамасы: жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі» **Мақсаты:** 2025-2026 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, Биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерді айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары бойынша педагогтардың есебін тыңдау. Тамыз кеңесінде айтылған ой-пікірлерді, стандартқа енгізілген өзгерістерді саралау.		
1	-Топтардың 2025-2026 оқу жылына дайындығы,күн тәртібі, жылдық жоспарымен, жаңа жылдық міндеттермен таныстыру, бекіту. 2025 – 2026 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа жылдық міндеттермен таныстыру, бекіту. -Жағы сауықтыру-шынықтыру жұмыс жоспарын қорытындылау. -Аттестатау комиссиясы отырысының шешімі мен біліктілік санатын беру рәсімін талқылау. -Жаңа оқу жылына топтардың әзірлігіне талдау. - «Біртұтас тәрбие бағдарлдамасы: жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмімен» ақпарттық түсіндіру.	тамыз	Меңгеруші Әдіскер МдҰ педагогтары
2	2025-2026 жаңа оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативті-құқықтық құжаттар туралы толық түсіндіру		
3.	Бекіту: -Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-		

	әрекеттерді бекіту. -Топтардың перспективалық жылдық жоспары. -пән бойынша жылдық перспективалық жоспарлар Аттестаттау ережесімен таныстыру, педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес ережесімен, комиссияның құрамымен таныстыру. «Педагог-модератор» біліктілік санатын беру. Жас мамандарға тәлімгер бекіту. Педкеңес шешімі.		
2	**Тақырыбы**:**«**Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері» **Мақсаты:**салауатты өмір салтын дамытуда қимыл-қозғалысқа арналған жаттығу түрлерін тиімді ұйымдастыру. 1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. «Мектеп жасына дейінгі балалармен денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі және дәстүрлі емес әдістердіқолдану» әдістемелік кеңес -«Алдар көсенің қызықты тапсырмалары» спорттық іс шара -«Чемпион гномдар» денсаулық шарасы. -«Бар жақсылық балаларға» отбасымен жұмыс 3. **«**Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру» тақырыптық бақылауының қорытындысы . 4.«Ұлттық ойындарды бала жасына сай таңдау және ұйымдастыру» педагогикалық шеберлік- кеңес Педкеңес шешімі.	қараша	Меңгеруші, әдіскер, МдҰ педагогтары Тәрбиеші Тәрбиешілер, пән мұғалімдері
3	**Тақырыбы:** «Ұлттық құндылықтарды білім-тәрбие үрдісінде қалыптастыру» **Мақсаты:**қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. 1. №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. «Біртұтас тәрбие бағдарлдамасының	қаңтар	Меңгеруші, әдіскер. МдҰ педагогтары Тәрбиеші

	жүзеге асырылуы» презентация қорғау» - «Жақсыдан үйрен,жаманнан жирен» ашық ҰОІӘ - «Отбасы- тәрбие ұясы» шара - «Дос іздеген бота» сахналық қойылым Педкеңес шешімі.		
4	**Тақырыбы:** "Кәсіби шеберлер» іскерлік ойын **Мақсаты:** Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру, шығармашылық әлеуетін шыңдау және еңбегін ынталандыру. Озық педагогикалық тәжірибелерді ортаға салу және заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеру. 1. №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы - «Ұшқыр ойлы белсенді педагог» квес ойыны - «Музыкалық ринг» фестиваль - «Жаңа формация педагогі» жәрмеңке «Бір тұтас тәрбие бағдарламасының түйінді идеясы» кеңес	наурыз	Меңгеруші, әдіскер, МдҰ педагогтары Тәрбиеші Музыка жетекшісі Әдіскер
5	**Тақырыбы:**«2025-2026 оқу жылы жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы. **Мақсаты:** мамандардың, тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есебін тыңдау, талдау. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау. 1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. "Біздің жетістіктеріміз туралы" 3."Диагностика нәтижелерін қолдана отырып, балалардың бір жылдағы жетістіктері туралы" 4.«Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі тәрбие мен тәрбие үдерісіне өзіндік талдау» 5."Сиқырлы чемодан іздеуде" педагогтерді психологиялық тренинг 6. «*Жаз, сәлем!* " жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын , оқу кестесін,күн тәртібін бекіту",	мамыр	Меңгеруші, әдіскер, МдҰ педагогтары.

	7.2025-2026 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің тізімін бекіту. 8. 2025-2026 оқу жылындағы эксперименттік алаң жұмысының қорытынды есебі "Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны бекіту, толықтырулар.		

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «29» тамыз 2025 жыл
Қатысқандар: 10
Қатыспағандар: 0
Педагогикалық кеңестің тақырыбы:
«2025–2026 оқу жылына дайындық және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру»
Мақсаты:
2025–2026 оқу жылына бөбекжайдың оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру, топтардың дайындығын талдау, негізгі нормативтік-құқықтық және әдістемелік құжаттармен таныстыру, жылдық және перспективалық жоспарларды қарау және бекіту.
Күн тәртібі:

1. **2025–2026 оқу жылына топтардың дайындығы:** топтардың күн тәртібі, жылдық жоспарлары және жаңа оқу жылындағы негізгі міндеттерімен таныстыру және бекіту. Өткен кезеңдегі сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының қорытындысы.
2. **2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен**, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы стандартқа сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтырулар және нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру.
3. **Бекіту мәселелері:** мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер; топтардың перспективалық жылдық жоспарлары; пән мамандарының жылдық перспективалық жоспарлары.
4. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны және оны іске асыру алгоритмі** бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы.
5. **Педагогтерді аттестаттауға байланысты мәселелер:** аттестаттау ережесімен, педагогикалық кеңес және меңгеруші жанындағы кеңес жұмысының ережелерімен таныстыру; аттестаттау комиссиясының құрамын таныстыру және «педагог-модератор» біліктілік санатын беру рәсімін талқылау.
6. **Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту.**
7. Ағымдағы мәселелер.

Бірінші мәселе
2025–2026 оқу жылына топтардың дайындығы
Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Д.Джубаниязова жаңа оқу жылына топтардың дайындығы туралы ақпарат берді.
Топтардың санитариялық-гигиеналық жағдайы, оқу-ойын ортасының жабдықталуы, күн тәртібі, жылдық жоспарлары және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қажетті материалдардың дайындығы қарастырылды.
Әдіскер Б.К.Нысанова топтардың 2025–2026 оқу жылына арналған күн тәртібі мен жылдық жоспарларын таныстырып, жоспарлардың оқу-тәрбие міндеттеріне сәйкестігіне тоқталды.
Сонымен қатар өткен оқу кезеңіндегі сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының қорытындысы шығарылып, жазғы кезеңде атқарылған жұмыстар сараланды.
Сөз сөйледі:
Тәрбиеші А.Е. Бектасова өз тобының жаңа оқу жылына дайындығы, оқу ортасын ұйымдастыру және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жұмыстарды жоспарлау туралы айтты.
Екінші мәселе

2025–2026 оқу жылындағы нормативтік және әдістемелік құжаттар

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттарымен таныстырды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар түсіндірілді.

Педагогтерге оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысында қолданыстағы нормативтік құжаттарды басшылыққа алу, педагогикалық құжаттарды белгіленген талаптарға сәйкес жүргізу қажеттігі ескертілді.

Үшінші мәселе

Жоспарлар мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бекіту

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттердің бөлінуін таныстырды.

Топтардың перспективалық жылдық жоспарлары және пән мамандарының жылдық перспективалық жоспарлары қаралды.

Жоспарлардың балалардың жас ерекшеліктеріне, оқу-тәрбие мақсаттарына және белгіленген міндеттерге сәйкестігі талқыланды.

Сөз сөйледі:

Қазақ тілі маманы С.Е Туйгожина жылдық перспективалық жоспардың мазмұны мен жоспарланған ұйымдастырылған іс-әрекеттер туралы түсіндіріп өтті.

Төртінші мәселе

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны және оны білім беру процесіне енгізу алгоритмі туралы ақпарат берді.

Балалардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, тәрбие жұмысын күнделікті оқу-тәрбие процесімен байланыстыру және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жүйелеу бағыттары түсіндірілді.

Педагогтерге тәрбие жұмыстарын жоспарлау барысында бағдарламаның негізгі бағыттарын ескеру ұсынылды.

Бесінші мәселе

Аттестаттауға байланысты ұйымдастыру мәселелері

Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова педагогтерді аттестаттаудан өткізу тәртібімен және біліктілік санатын беру рәсімімен таныстырды.

Педагогикалық кеңестің, меңгеруші жанындағы кеңестің жұмыс тәртібі және аттестаттау комиссиясының қызметі түсіндірілді.

Аттестаттау комиссиясының құрамы таныстырылып, педагогтерге аттестаттауға қажетті құжаттарды белгіленген талаптарға сәйкес дайындау жөнінде түсіндірме берілді.

Сонымен қатар педагогтерге **«педагог-модератор» біліктілік санатын беру** тәртібі талқыланды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова педагогтердің аттестаттауға дайындық барысында кәсіби жетістіктерін жүйелеу, қажетті құжаттарды уақытылы жинақтау және белгіленген талаптарды сақтау қажеттігін атап өтті.

Алтыншы мәселе

Жас мамандарға тәлімгер бекіту

Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Д. Джубаниязова жаңа оқу жылында жұмысын бастаған жас мамандарға әдістемелік және практикалық қолдау көрсету мақсатында тәлімгерлер бекіту туралы ұсынысын білдірді.

Жас педагогтерге тәжірибелі педагогтерден тәлімгер бекіту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, құжаттарды жүргізу, ҰІӘ жоспарлау және кәсіби бейімделу бағытында әдістемелік көмек көрсету қажеттігі айтылды.

Жетінші мәселе

Ағымдағы мәселелер

Жаңа оқу жылында педагогтердің құжаттарды уақытылы рәсімдеуі, топтардың заттық дамытушы ортаны толықтыруы, қауіпсіздік талаптарын сақтау және ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы

Педагогикалық кеңесте 2025–2026 оқу жылына дайындық, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, нормативтік және әдістемелік құжаттармен таныстыру, жоспарларды бекіту және педагогтерді аттестаттауға байланысты мәселелер қаралып,

Қаулы етті:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған топтардың күн тәртібі, жылдық жоспарлары және негізгі жұмыс бағыттары бекітілсін. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қамтамасыз етілсін.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат және нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар педагогтерге таныстырылып, оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алынсын.
3. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын іс-әрекеттер, топтардың перспективалық жылдық жоспарлары және пән мамандарының жылдық перспективалық жоспарлары бекітілсін.
4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алынып, тәрбие жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
5. Педагогтер аттестаттау тәртібімен, педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес және аттестаттау комиссиясының жұмысымен таныстырылсын. «Педагог-модератор» біліктілік санатын беру рәсімі қолданыстағы талаптарға сәйкес жүргізілсін. Жас мамандарға тәжірибелі педагогтер арасынан тәлімгерлер бекітілсін.
6. Осы қаулыда белгіленген жұмыстардың орындалуын бақылау меңгеруші
7. Н.Д. Джубаниязова және әдіскер Б.К.Нысанова жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: Н.Д. Джубаниязова

Хатшы: Ә.О.Сихова

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «20» қараша 2025 жыл
Қатысқандар: 10
Қатыспағандар:0

Педагогикалық кеңестің тақырыбы:
«Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері»
Мақсаты:
Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында қимыл-қозғалыс ойындары мен дене жаттығуларын тиімді ұйымдастыру жолдарын жетілдіру.
Күн тәртібі:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. «Мектеп жасына дейінгі балалармен денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі және дәстүрлі емес әдістерді қолдану» тақырыбындағы әдістемелік кеңес.
3. «Алдар көсенің қызықты тапсырмалары» спорттық іс-шарасы.
4. «Чемпион гномдар» денсаулық шарасы.
5. «Бар жақсылық балаларға» отбасымен жұмыс.
6. «Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру» тақырыптық бақылауының қорытындысы.
7. «Ұлттық ойындарды бала жасына сай таңдау және ұйымдастыру» педагогикалық шеберлік-кеңес.
8. Әр түрлі мәселелер.

Бірінші мәселе
№1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
Тыңдалды:
Әдіскер Б.К.Нысанова №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берді.
Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жоспарланған жұмыстардың орындалуы, топтардың оқу-тәрбие процесіне дайындығы, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүргізілуі және педагогтердің әдістемелік жұмыстарға қатысуы талданды.
Қабылданған шешімдердің негізгі бағыттары бойынша жұмыстардың жүргізіліп жатқаны атап өтілді.
Сөз сөйледі:
Меңгеруші Н.Д. Джубаниязова педагогтерге қабылданған шешімдерді уақытылы орындау және жоспарланған жұмыстардың сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.
Екінші мәселе
«Мектеп жасына дейінгі балалармен денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі және дәстүрлі емес әдістерді қолдану»
Тыңдалды:
Әдістемелік кеңесте балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытында қолданылатын денсаулық сақтау технологиялары қарастырылды.
Педагогтерге қимылды ойындар, сергіту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары, саусақ жаттығулары, шынықтыру элементтері және дәстүрлі емес әдістерді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолдану жолдары түсіндірілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың қимыл белсенділігін арттыруға және шаршаудың алдын алуға бағытталған әдістерді тиімді пайдалану қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе

«Алдар көсенің қызықты тапсырмалары» спорттық іс-шарасы

Тыңдалды:

Дене шынықтыру нұсқаушысы Г.М.Дюсенов «Алдар көсенің қызықты тапсырмалары» спорттық іс-шарасының өткізілу барысы туралы ақпарат берді.

Іс-шара барысында балалардың жүгіру, секіру, дәлдік, ептілік, жылдамдық және қимыл үйлесімділігін дамытуға бағытталған жарыстық және қимылды тапсырмалар ұйымдастырылды.

Балалар ойын арқылы спорттық жаттығуларға қызығушылық танытып, белсенділік көрсетті.

Төртінші мәселе

«Чемпион гномдар» денсаулық шарасы

Тыңдалды:

«Чемпион гномдар» денсаулық шарасы барысында балалардың қимыл белсенділігін арттыруға, дене жаттығуларын дұрыс орындауға және салауатты өмір салты туралы түсініктерін кеңейтуге бағытталған тапсырмалар орындалды.

Балаларға қозғалыс белсенділігінің денсаулыққа пайдасы түсіндіріліп, қимылды ойындар мен жаттығулар ұйымдастырылды.

Шараның балалардың белсенділігін арттыруға және жағымды эмоциялық орта қалыптастыруға бағытталғаны атап өтілді.

Бесінші мәселе

«Бар жақсылық балаларға» отбасымен жұмыс

Тыңдалды:

Педагог-психолог Ә.О.Сихова ата-аналармен бірлескен «Бар жақсылық балаларға» жұмысы туралы ақпарат берді.

Отбасымен бірлескен іс-шаралардың мақсаты – балалардың денсаулығын сақтау, ата-аналардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету және отбасы мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастықты нығайту екендігі айтылды.

Ата-аналарға балалардың бос уақытын қимылды ойындармен тиімді ұйымдастыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілді.

Алтыншы мәселе

«Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру» тақырыптық бақылауының қорытындысы

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К Нысанова «Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру» тақырыбында жүргізілген бақылау қорытындысымен таныстырды.

Бақылау барысында топтарда таңертеңгілік жаттығулардың, сергіту сәттерінің, қимылды ойындардың, серуен кезіндегі қозғалыс белсенділігінің және дене шынықтыру іс-әрекеттерінің ұйымдастырылуы қарастырылды.

Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстардың жүргізілуі талданып, педагогтерге қимылды ойындарды жүйелі ұйымдастыру және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қозғалыс жаттығуларын таңдау бойынша ұсыныстар берілді.

Жетінші мәселе

«Ұлттық ойындарды бала жасына сай таңдау және ұйымдастыру» педагогикалық шеберлік-кеңес

Тыңдалды:

Педагог А.Е.Бектасова ұлттық ойындардың тәрбиелік және дамытушылық маңызы туралы ақпарат берді.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес асық ойындары, арқан тарту, орамал тастамақ, ақсерек-көксерек және басқа да қимылды ұлттық ойындарды ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылды.

Ұлттық ойындарды қолдану арқылы балалардың қимыл белсенділігін, ептілігін, шапшаңдығын, ұйымшылдығын және ұлттық құндылықтарға қызығушылығын дамыту жолдары талқыланды.

Педагогтер ұлттық ойындарды таңдауда балалардың жас ерекшелігін, қауіпсіздік талаптарын және ойынның мақсатын ескеру қажеттігін атап өтті.

Сегізінші мәселе

Ағымдағы мәселелер

Педагогтердің балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстарын жетілдіру, спорттық құралдарды тиімді пайдалану, қимылды және ұлттық ойындарды күн тәртібіне енгізу мәселелері қарастырылды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы

Педагогикалық кеңесте балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, денсаулығын сақтау және ұлттық ойындарды тиімді ұйымдастыру мәселелері қаралып,

Қаулы етті:

1. Балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес қимыл-қозғалыс ойындары мен дене жаттығулары оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. Денсаулық сақтау технологиялары мен дәстүрлі емес әдістер балалардың қимыл белсенділігін арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында тиімді қолданылсын.
3. «Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру» тақырыптық бақылауының қорытындысы назарға алынып, анықталған ұсыныстар бойынша педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетілсін.
4. Спорттық және денсаулық шаралары, оның ішінде «Алдар көсенің қызықты тапсырмалары», «Чемпион гномдар» іс-шараларының тиімді тәжірибелері педагогтердің күнделікті жұмысына енгізілсін.
5. Ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшелігіне және қауіпсіздік талаптарына сәйкес таңдап, оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану қамтамасыз етілсін. Ата-аналармен бірлескен денсаулық сақтау және қимыл белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау меңгеруші Н.Д.Джубаниязоваға және әдіскер Б.К. Нысанова жүктелсін.

Орындалу мерзімі: 2025–2026 оқу жылы барысында.

Педагогикалық кеңес төрағасы: Н.Д. Джубаниязова

Хатшы: Ә.О.Сихова

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «29» қаңтар 2026 жыл
Қатысқандар: 10
Қатыспағандар: 0

Педагогикалық кеңестің тақырыбы:
«Ұлттық құндылықтарды білім-тәрбие үрдісінде қалыптастыру»
Мақсаты:
Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде балалардың бойында азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұят, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын жетілдіру және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.
Күн тәртібі:
1. №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы» тақырыбында презентация қорғау.
3. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ашық ҰОІӘ қорытындысы.
4. «Отбасы – тәрбие ұясы» шарасының қорытындысы.
5. «Дос іздеген бота» сахналық қойылымын талдау.
6. Ағымдағы мәселелер.

Бірінші мәселе
№2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
Тыңдалды:
Әдіскер Б.Нысанова №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берді.
Алдыңғы педагогикалық кеңесте белгіленген міндеттерге сәйкес балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, денсаулық сақтау технологияларын қолдану, қимылды және ұлттық ойындарды ұйымдастыру бағытында жүргізілген жұмыстарға тоқталды.
Педагогтердің жоспарланған жұмыстарды орындауы, оқу-тәрбие процесінде денсаулық сақтау технологияларын және ойын әдістерін қолдануы талданды.
Сөз сөйледі:
Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі бақылауда ұстау және белгіленген міндеттердің уақытылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.
Екінші мәселе
«Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы» презентация қорғау
Тыңдалды:
Әдіскер Б.К.Нысанова **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы»** тақырыбында презентация қорғады.
Презентация барысында бағдарлама аясында мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды балалардың бойына сіңіру жолдары таныстырылды.
Балаларға отансүйгіштік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасау, адалдық, достық, жауапкершілік, еңбекқорлық және отбасылық құндылықтарды күнделікті оқу-тәрбие процесі арқылы қалыптастыру жұмыстары көрсетілді.
Педагогтерге құндылықтарды тек арнайы іс-шаралар кезінде ғана емес, күнделікті ҰОІӘ, ойын, қарым-қатынас және режимдік сәттер барысында қалыптастыру қажеттігі түсіндірілді.

Сөз сөйледі:
Тәрбиеші Э.А.Куанаева тәрбие жұмысында ұлттық құндылықтарды балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойын, әңгіме, көркем шығарма және шығармашылық жұмыстар арқылы қалыптастыру тәжірибесімен бөлісті.
Үшінші мәселе:
«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ашық ҰОІӘ
Тыңдалды:
Тәрбиеші Р.А.Рахметова **«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»** тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өткізді.
ҰОІӘ барысында балаларға жақсы және жаман әрекеттерді ажырату, әдептілік, сыйластық, достық, қамқорлық және жауапкершілік туралы түсініктер берілді.
Балалар жағдаяттарды талдау, сұрақтарға жауап беру, ойын және шығармашылық тапсырмалар арқылы өз ойларын жеткізді.
Ашық ҰОІӘ барысында балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдердің тиімді қолданылғаны атап өтілді.
Сөз сөйледі:
Әдіскер Б.К.Нысанова ҰОІӘ мазмұнының тәрбие мақсатына сәйкестігін атап өтіп, балалардың өз пікірін айтуына мүмкіндік берудің маңыздылығын айтты.
Төртінші мәселе
«Отбасы – тәрбие ұясы» шарасы
Тыңдалды:
Педагог-психолог Ә.О.Сихова **«Отбасы – тәрбие ұясы»** тақырыбында өткізілген шара туралы ақпарат берді.
Шараның мақсаты – отбасының бала тәрбиесіндегі рөлін көрсету, ата-ана мен бала арасындағы өзара сыйластық пен қарым-қатынасты нығайту, ұлттық және отбасылық құндылықтарды насихаттау.
Шара барысында ата-аналар мен балалардың бірлескен тапсырмалары, әңгімелесу, ойын және шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылғаны айтылды.
Отбасымен бірлескен жұмыстардың балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне оң ықпал ететіні атап өтілді.
Бесінші мәселе
«Дос іздеген бота» сахналық қойылымы
Тыңдалды:
Тәрбиеші А.Е Бектасова **«Дос іздеген бота»** сахналық қойылымының тәрбиелік мәніне тоқталды.
Қойылым барысында балалар достық, өзара көмек, қамқорлық, мейірімділік және бір-бірін сыйлау туралы түсініктерін сахналық әрекет арқылы көрсетті.
Балалардың рөлдерді орындауы, өзара әрекеттесуі, сөйлеу мәдениеті және шығармашылық белсенділігі талданды.
Сахналық қойылымды ұйымдастыру барысында балалардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуіне мүмкіндік жасалғаны атап өтілді.
Сөз сөйледі:
Әдіскер Б.К.Нысанова балалардың сахналық әрекетке белсенді қатысуын атап өтіп, осындай шығармашылық жұмыстарды тәрбие процесінде жүйелі қолдануды ұсынды.
Алтыншы мәселе
Ағымдағы мәселелер

Педагогтерге ұлттық құндылықтарды күнделікті оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде қолдану, ата-аналармен тәрбие бағытындағы байланысты нығайту және балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы

Педагогикалық кеңесте ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды балалардың бойына сіңіру, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру және отбасы мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері қаралып,

Қаулы етті:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтары оқу-тәрбие процесінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырылсын.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, шығармашылық жұмыс және күнделікті қарым-қатынас барысында балаларға отансүйгіштік, адалдық, мейірімділік, достық, жауапкершілік және үлкенді сыйлау құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілсін.
3. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ашық ҰОІӘ, «Дос іздеген бота» сахналық қойылымы және басқа да тиімді тәжірибелер педагогтердің тәрбие жұмыстарында қолданылсын және жалғастырылсын.
4. «Отбасы – тәрбие ұясы» бағыты бойынша ата-аналармен бірлескен тәрбиелік және шығармашылық іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
5. Педагогтер ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша тиімді әдіс-тәсілдерімен өзара тәжірибе алмасып, озық тәжірибелерді әдістемелік қорда жинақтасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау меңгеруші Н.Д.Джубаниязоваға және әдіскер Б.К.Нысановаға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: Н.Д. Джубаниязова

Хатшы: Ә.О.Сихова

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «26» наурыз 2026 жыл
Қатысқандар: 10 педагог
Қатыспағандар: 0

Педагогикалық кеңестің тақырыбы: «Кәсіби шеберлер» іскерлік ойыны
Мақсаты:
Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, шығармашылық әлеуетін дамыту, өзара тәжірибе алмасу арқылы заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру және педагогтердің кәсіби белсенділігін арттыру.
Күн тәртібі

1. №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. «Ұшқыр ойлы белсенді педагог» квест ойыны.
3. «Музыкалық ринг» фестивалі.
4. «Жаңа формация педагогі» жәрмеңкесі.
5. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының түйінді идеясы» тақырыбындағы кеңес.
6. Ағымдағы мәселелер.

Бірінші мәселе
№3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
Тыңдалды:
Әдіскер Б.К. Нысанова №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталды.
Алдыңғы педагогикалық кеңесте белгіленген ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде қалыптастыру, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру және ата-аналармен тәрбие бағытындағы жұмыстардың жүргізілуі қарастырылды.
Педагогтердің балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетте құндылықтарға бағытталған тапсырмаларды, ойындарды және шығармашылық жұмыстарды қолдануы талданды.
Қабылданған шешімдердің негізгі бағыттары бойынша жұмыстардың жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқаны атап өтілді.
Сөз сөйледі:
Меңгеруші Н.Д. Джубаниязова педагогтерге педагогикалық кеңес шешімдерін орындауды жүйелі түрде жалғастыру және тиімді тәжірибелерді күнделікті жұмыста қолдану қажеттігін атап өтті.
Екінші мәселе
«Ұшқыр ойлы белсенді педагог» квест ойыны
Тыңдалды:
Әдіскер Б.К. Нысанова «Ұшқыр ойлы белсенді педагог» квест ойынының өткізілу барысы туралы ақпарат берді.
Квест барысында педагогтерге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қатысты жағдаяттық тапсырмалар, логикалық сұрақтар, шығармашылық және әдістемелік тапсырмалар ұсынылды.
Педагогтер топпен жұмыс жасау, өз ойын дәлелдеу, жылдам шешім қабылдау және кәсіби білімін тәжірибеде қолдану арқылы тапсырмаларды орындады.
Іс-шара барысында педагогтердің белсенділігі, шығармашылық көзқарасы және өзара тәжірибе алмасуы байқалды.
Сөз сөйледі:
Тәрбиеші Э.А.Куанаева квест барысында әріптестермен бірлесіп жұмыс жасаудың және тәжірибеде қолданылатын әдістерді талқылаудың тиімді болғанын атап өтті.

Үшінші мәселе
«Музыкалық ринг» фестивалі
Тыңдалды:
Музыка жетекшісі Г.Р. Титеева «Музыкалық ринг» фестивалінің мақсаты мен өткізілу барысына тоқталды.
Фестиваль барысында педагогтер музыкалық шығармаларды орындау, музыкалық қабілетті қажет ететін тапсырмаларды орындау және шығармашылық бағыттағы сайыстарға қатысты.
Іс-шара педагогтердің шығармашылық қабілетін ашуға, музыка арқылы балалардың эстетикалық талғамын дамытуға қолданылатын әдістермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік бергені атап өтілді.
Педагогтер музыкалық іс-әрекетте қолдануға болатын ойындар мен шығармашылық тапсырмаларды талқылады.
Төртінші мәселе
«Жаңа формация педагогі» жәрмеңкесі
Тыңдалды:
Әдіскер Б.К.Нысанова «Жаңа формация педагогі» жәрмеңкесінің қорытындысын таныстырды.
Жәрмеңке барысында педагогтер өз тәжірибесінде қолданатын тиімді әдіс-тәсілдерін, дидактикалық материалдарын, ойындарын және балалардың белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыс түрлерін ұсынды.
Педагогтер арасында тәжірибе алмасу жүргізіліп, әріптестердің жұмысында қолдануға болатын әдістемелік идеялар талқыланды.
Жәрмеңке материалдарын оқу-тәрбие процесінде қолдану және әдістемелік қорды толықтыру бойынша ұсыныстар берілді.
Бесінші мәселе
«Біртұтас тәрбие бағдарламасының түйінді идеясы» тақырыбындағы кеңес
Тыңдалды:
Меңгеруші Н.Д. Джубаниязова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі құндылықтары мен оларды мектепке дейінгі ұйым жағдайында жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды.
Кеңес барысында тәрбие жұмысын күнделікті оқу-тәрбие процесімен байланыстыру, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, ата-аналармен бірлескен жұмысты жүйелеу мәселелері қарастырылды.
Педагогтерге бағдарлама құндылықтарын тек арнайы іс-шараларда ғана емес, ұйымдастырылған іс-әрекетте, ойын барысында, серуен кезінде және күнделікті қарым-қатынаста қалыптастыру ұсынылды.
Сөз сөйледі:
Тәрбиеші Р.Д.Доскалиева өз тобында балаларға құндылықтарды қалыптастыруда қолданатын ойындар мен күнделікті жұмыс түрлерімен бөлісті.
Алтыншы мәселе
Ағымдағы мәселелер
Педагогтердің кәсіби дамуын қолдау, тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру, тиімді әдістемелік материалдарды жинақтау және педагогтердің шығармашылық бастамаларын қолдау мәселелері қарастырылды.
Педагогикалық кеңестің қаулысы

Педагогикалық кеңесте педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, тәжірибе алмасу және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарын оқу-тәрбие процесінде іске асыру мәселелері қаралып,

Қаулы етті:

1. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған іскерлік ойын, квест, фестиваль, жәрмеңке және тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. «Ұшқыр ойлы белсенді педагог», «Музыкалық ринг», «Жаңа формация педагогі» іс-шараларында ұсынылған тиімді әдіс-тәсілдер педагогтердің күнделікті оқу-тәрбие жұмысында қолданылсын.
3. Педагогтердің шығармашылық және кәсіби тәжірибелерін жинақтау, өзара тәжірибе алмасу және әдістемелік қорды толықтыру жұмыстары жүргізілсін.
4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі құндылықтары балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекетте, ойындарда және күнделікті режимдік сәттерде жүйелі жүзеге асырылсын.
5. Педагогтердің кәсіби белсенділігін арттыру мақсатында шығармашылық бастамалары қолдау тауып, тиімді педагогикалық тәжірибелер педагогтер арасында таратылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау меңгеруші Н.Д.Джубаниязоваға және әдіскер Б.К.Нысановаға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: Н.Д. Джубаниязова

Хатшы: Ә.О.Сихова

№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «28» мамыр 2026 жыл
Қатысқандар:10 педагог
Қатыспағандар:0
Педагогикалық кеңестің тақырыбы:
«2025–2026 оқу жылында жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы»
Мақсаты:
2025–2026 оқу жылында мамандар мен тәрбиешілердің атқарған оқу-тәрбие жұмыстарына қорытынды талдау жасау, тәрбиеленушілердің жылдық даму нәтижелерін диагностика негізінде саралау, педагогтердің өзіндік талдауын тыңдау, жетістіктер мен шешуді қажет ететін мәселелерді анықтау және жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысты тиімді ұйымдастыру.
Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. «Біздің жетістіктеріміз туралы» оқу жылының қорытынды есебі.
3. «Диагностика нәтижелерін қолдана отырып, балалардың бір жылдағы жетістіктері туралы» талдау.
4. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы тәрбие мен оқыту үдерісіне өзіндік талдау».
5. «Сиқырлы чемодан іздеуде» педагогтерге арналған психологиялық тренинг.
6. «Жаз, сәлем!» жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын, оқу кестесін және күн тәртібін бекіту.
7. 2026–2027 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің тізімін бекіту.
8. 2025–2026 оқу жылындағы эксперименттік алаң жұмысының қорытынды есебі.
9. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасын қарау және бекіту.

Бірінші мәселе
№4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
Тыңдалды:
Әдіскер Б.К.Нысанова №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы қорытынды ақпарат берді.
Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, өзара тәжірибе алмасу, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарын оқу-тәрбие процесінде жүзеге асыру бағытында жүргізілген жұмыстар талданды.
Педагогикалық кеңестің шешімдеріне сәйкес өткізілген іс-шаралар, әдістемелік жұмыстар және педагогтердің шығармашылық белсенділігі қарастырылды.
Қабылданған шешімдердің негізгі бағыттары бойынша жұмыстардың орындалғаны және оқу жылының қорытындысында нәтижелері сараланғаны атап өтілді.
Сөз сөйледі:
Меңгеруші Н.Д. Джубаниязова жыл бойы қабылданған педагогикалық кеңес шешімдерін орындауда педагогтердің жауапкершілігіне тоқталып, нәтижелі тәжірибелерді келесі оқу жылында жалғастыру қажеттігін айтты.

Екінші мәселе
«Біздің жетістіктеріміз туралы»
Тыңдалды:
Меңгеруші Н.Д. Джубаниязова 2025–2026 оқу жылында бөбекжайда атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін ұсынды.

Оқу жылында балалардың оқу-танымдық, шығармашылық, коммуникативтік, әлеуметтік және дене белсенділігін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілгені айтылды.
Педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекеттері, ашық ҰІӘ, мерекелік және танымдық іс-шаралары, әдістемелік жұмыстарға қатысуы, ата-аналармен жүргізілген жұмыстары қорытындыланды.
Педагогтер мен тәрбиеленушілердің оқу жылы барысында қол жеткізген нәтижелері, қатысқан іс-шаралары және шығармашылық бағыттағы жетістіктері атап өтілді.
Сонымен бірге келесі оқу жылында жетілдіруді қажет ететін бағыттар да белгіленді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова педагогтердің кәсіби ізденісі мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы тиімді тәжірибелеріне тоқталды.
Үшінші мәселе

«Диагностика нәтижелерін қолдана отырып, балалардың бір жылдағы жетістіктері туралы»

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова оқу жылының басындағы және соңындағы бақылау-диагностикалық жұмыстардың нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасады.
Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес негізгі даму бағыттары бойынша ілгерілеуі қарастырылды.
Талдау барысында балалардың танымдық белсенділігі, коммуникативтік дағдылары, шығармашылық қабілеттері, әлеуметтік дағдылары және қимыл-қозғалыс белсенділігі бойынша оқу жылы ішінде байқалған өзгерістер сараланды.
Диагностика нәтижелері келесі оқу жылында балалармен жеке және топтық жұмыстарды жоспарлау кезінде ескерілетіні айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Э.А.Куанаева өз тобындағы балалардың оқу жылы басындағы және соңындағы даму нәтижелеріне тоқталып, жеке қолдауды қажет ететін балалармен жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат берді.

Төртінші мәселе

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы тәрбие мен оқыту үдерісіне өзіндік талдау»

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова педагогтердің оқу-тәрбие процесіне жүргізген өзіндік талдау нәтижелерін таныстырды.
Өзіндік талдау барысында жоспарлау сапасы, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мазмұны, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану, балалардың белсенділігін арттыру, ата-аналармен байланыс және педагогтердің кәсіби дамуы қарастырылды.
Педагогтер өз жұмыстарындағы тиімді тұстарымен қатар, жетілдіруді қажет ететін мәселелерді де атап өтті.
Келесі оқу жылында оқу-тәрбие процесін жетілдіру, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру және педагогтердің әдістемелік құзыреттілігін арттыру бағыттары белгіленді.

Бесінші мәселе

«Сиқырлы чемодан іздеуде» педагогтерге арналған психологиялық тренинг

Тыңдалды:

Педагог-психолог Ә.О.Сихова педагогтерге арналған **«Сиқырлы чемодан іздеуде»** психологиялық тренингін өткізді.

Тренингтің мақсаты – оқу жылының соңында педагогтердің эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру, ұжымдағы жағымды қарым-қатынасты нығайту, бір-біріне қолдау көрсету және кәсіби қызметке оң көзқарасын қалыптастыру.

Тренинг барысында топтық тапсырмалар, шығармашылық жаттығулар және пікір алмасу жұмыстары ұйымдастырылды.

Педагогтер оқу жылындағы өз жетістіктерін саралап, келесі оқу жылына кәсіби мақсаттарын белгіледі.

Алтыншы мәселе

«Жаз, сәлем!» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру

Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова **«Жаз, сәлем!»** жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың жоспарын таныстырды.

Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, таза ауада қимыл белсенділігін арттыру, шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, қимылды және ұлттық ойындарды өткізу, шығармашылық және танымдық жұмыстарды ұйымдастыру бағыттары белгіленді.

Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары, оқу кестесі және күн тәртібі қарастырылды.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, серуендеу кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау, күн тәртібін және санитариялық талаптарды орындау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова жазғы кезеңде іс-шараларды балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жоспарлау және күнделікті қимыл белсенділігін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Жетінші мәселе

2026–2027 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің тізімін бекіту

Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова 2026–2027 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлерінің алдын ала тізімімен таныстырды.

Педагогтерге аттестаттау рәсімінің белгіленген талаптары, қажетті құжаттарды жинақтау және кәсіби жетістіктерін жүйелеу бойынша түсіндірме берілді.

Педагогтердің аттестаттауға қатысуы қолданыстағы талаптарға сәйкес ұйымдастырылатыны айтылды.

Педагогтердің ұсыныстары тыңдалып, аттестатталатын педагогтердің тізімін бекіту ұсынылды.

Сегізінші мәселе

2025–2026 оқу жылындағы эксперименттік алаң жұмысының қорытынды есебі

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова 2025–2026 оқу жылында эксперименттік алаң аясында жүргізілген жұмыстардың қорытынды есебін ұсынды.

Жұмыс барысында белгіленген мақсат пен міндеттерге сәйкес жүргізілген іс-шаралар, педагогтердің қатысуы, жинақталған материалдар және алынған нәтижелер сараланды.

Эксперименттік жұмыс барысында тиімділігі байқалған әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие процесінде одан әрі қолдану және тәжірибені жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Педагогтер тарапынан жұмыс нәтижелері талқыланып, келесі кезеңге арналған ұсыныстар айтылды.

Тоғызыншы мәселе

Педагогикалық кеңес шешімінің жобасын қарау және бекіту

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңес хатшысы Ә.О.Сихова жыл қорытындысы бойынша әзірленген педагогикалық кеңес шешімінің жобасын таныстырды.

Жоба бойынша педагогтер ұсыныстарын білдіріп, жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру, келесі оқу жылына дайындық және педагогтердің кәсіби дамуына қатысты толықтырулар енгізілді.

Ұсыныстар ескеріле отырып, педагогикалық кеңес шешімінің жобасын бекіту ұсынылды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы

2025–2026 оқу жылында жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытындысы, тәрбиеленушілердің даму нәтижелері, педагогтердің кәсіби қызметі және жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық мәселелері талқыланып,

Қаулы етті:

1.2025–2026 оқу жылындағы тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын. Жетістіктер мен анықталған мәселелер келесі оқу жылын жоспарлау кезінде ескерілсін.

2.Диагностика нәтижелері негізінде балалардың оқу жылындағы даму көрсеткіштері ескеріліп, келесі оқу жылында жеке және топтық жұмыстарды жоспарлау барысында балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне назар аударылсын.

3.Педагогтердің өзіндік талдауында анықталған тиімді тәжірибелер жинақталып, жетілдіруді қажет ететін бағыттар бойынша әдістемелік қолдау көрсетілсін.

4.«Жаз, сәлем!» жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары, оқу кестесі және күн тәртібі бекітілсін. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін арттыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

5.2026–2027 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлерінің тізімі бекітіліп, аттестаттауға қажетті құжаттарды дайындау және педагогтердің кәсіби жетістіктерін жинақтау жұмыстары белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастырылсын.

6.2025–2026 оқу жылындағы эксперименттік алаң жұмысының қорытынды есебі назарға алынсын. Нәтижелі әдіс-тәсілдер педагогтердің тәжірибесінде одан әрі қолданылсын.

7.2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық кеңестерде қабылданған шешімдердің орындалуы қорытындыланып, тиімді тәжірибелер келесі оқу жылындағы жылдық жұмыс жоспарына енгізілсін.

8.Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы енгізілген толықтырулармен бекітілсін.

9.Осы қаулының орындалуын бақылау меңгеруші Н.Д.Джубаниязоваға және әдіскер Б.К.Нысановаға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: Н.Д. Джубаниязова

Хатшы: Ә.О.Сихова